

"Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы № 19/222 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 14/214 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 27 маусымда 8526 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 34-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 қарашадағы № 3205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы туралы ереженің 15-тармағы 37) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы № 19/222 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 870 болып тіркелген) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) атауы мынадай редакцияда жазылсын:
«Сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың ережесін бекіту туралы»;
2) қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Қоса беріліп отырған Сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың ережесі б е к і т і л с і н . » ;

3) аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесінде:
атауы мынадай редакцияда жазылсын:
«Сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың ережесі»;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Сайлау қорының қаражатына иелік ету құқығы тек «Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламенті Сенатының, мәслихатының депутаттығына, Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдігіне (

бұдан әрі - әкімдікке) кандидатқа немесе партиялық тізімін ұсынған саяси партияға беріледі. Саяси партияның сайлау қоры қаражатын пайдалануға байланысты қаржылық және басқа да құжаттарға қол қою құқығын саяси партияның басшысына немесе партияның алқалық органының шешімімен уәкілетті адамға беріледі.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Президенттікке, Парламент Сенаты, мәслихат депутаттығына, әкімдікке кандидат немесе саяси партия өздерінің сайлау қорлары қаражатынан:»;

б) тармақша алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Сайлау қорлары қаражатының мақсатты жұмсалуды Президенттікке, Парламент Сенаты, мәслихаттар депутаттығына, әкімдікке кандидат, саяси партия қамтамасыз е т е д і . » ;

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Президенттікке, Парламент Сенаты, мәслихат депутаттығына, әкімдікке кандидат, саяси партия өзінің сайлау қорына қаражаттың түсу есебін, сондай-ақ олардың жұмсалуды есебін жүргізеді. Есеп түсімінің әр түрі бойынша, күні, теңгедегі сомасы және осы қаражатты аударған нақты жеке және заңды тұлғаның атауы көрсетіле отырып, жүргізіледі. Шығыстар тізілімінде: қаражаттың шотқа келіп түскен күні, қаражаттың банктен алынған күні қаражат сомасы, қаражат жұмсалған іс-шаралар , қаражаттың түскенін және жұмсалғанын растайтын құжаттар жазылады.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Арнаулы уақытша шоттар бойынша барлық қаржылық операциялар сайлау алдындағы күні сағат 18.00-ден бастап тоқтатылады.

Қайта дауыс беру өткізілген кезде өздеріне қатысты қайта дауыс беру өткізілетін кандидаттардың арнаулы уақытша шоттары бойынша қаржылық операциялар қайта дауыс беру күні тағайындалған күні қайта жаңғыртылады және сайлау күнінің алдындағы күнгі сағат он сегізде тоқтатылады. Сайлау қорына ол құрылған кезден бастап түскен ақшаның жалпы сомасы, осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңымен белгіленген ш е к т е н а с п а у ғ а т и і с .

Әкімдікке кандидаттың сайлау қорына құрылған кезден бастап түскен ақшаның жалпы сомасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларына (бұдан әрі – Сайлау қағидалары) сәйкес белгіленген шектерден аспауға тиіс.»;

1, 2, 3, 4-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сай жаңа редакцияда

ж а з ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы аппаратының персоналды басқару бөлімі осы қаулыны басшылыққа алуы үшін облыстық сайлау комиссияларына ж і б е р с і н .

3. Облыстық сайлау комиссиялары осы қаулыны аудандық (қалалық) сайлау комиссияларының назарына жеткізсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
Төрағасы Қ. Тұрғанқұлов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
хатшысы Б. Мелдешов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
2013 жылғы 27 маусымдағы № 14/214

қаулысына 1-қосымша

С а й л а у қ о р л а р ы н ы ң
қ а р а ж а т ы н ж ұ м с а у д ы ң е р е ж е с і н е
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламент Сенаты, мәслихаттары депутаттығына, әкімдігіне кандидаттардың және саяси партиялардың сайлау қорларына қаражаттың түсуі туралы анықтама

1. Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламент Сенаты, мәслихаттары депутаттарына, әкімдігіне кандидаттың Т.А.Ә. немесе саяси партиялардың толық атауы , қ а й б а н к м е к е м е с і н д е ш о т а ш ы л ғ а н .

2. 201 __ жылғы _____ жағдай бойынша сайлау қорының жалпы сомасы _____ теңге.

Түскен күні	Сомасы (теңгемен)	Түсім көзі	Түскенін растайтын құжаттар
1			
2			
3			
4			
5			

Ескертпе: Банк мекемесі тиісті сайлау комиссиясына апта сайын, ал тиісті сайлау комиссиясының сұратуы бойынша жиырма төрт сағаттың ішінде береді.

Қолдар:

Банк мекемесінің басшысы: /Т.А.Ә./

Бас бухгалтер: /Т.А.Ә./

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
2013 жылғы 27 маусымдағы № 14/214
қаулысына 2-қосымша

С а й л а у қ о р л а р ы н ы ң
қ а р а ж а т ы н ж ұ м с а у д ы ң е р е ж е с і н е
2-қосымша
Нысан

Жарналар белгіленген шекті мөлшерлерден асып кеткен, кандидат өз кандидатурасын алып тастаған, партиялық тізім қайтарылып алынған немесе кандидатты, партиялық тізімді ұсыну немесе тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда қаражатты қайтару туралы анықтама

1. Қазақстан Республикасының Президентігіне, Парламенті Сенатының, мәслихатының депутаттығына, әкімдігіне кандидаттың Т.А.Ә., саяси партияның толық атауы, қай банк мекемесінде шот ашылған.

Түскен күні және сомасы теңгемен	Түсім көзі	Қаражаттың банкке түскенін растайтын құжат	Қаражаттың қайтарылған күні және олардың қайтарылғанын растайтын құжат
1			
2			
3			
4			
5			

Ескертпе: Банк мекемесі тиісті сайлау комиссиясына енгізілген ақша қаражатының дереу қайтарылу шамасына қарай береді.

Банк мекемесінің басшысы: /Т.А.Ә./

Бас бухгалтер: /Т.А.Ә./

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
2013 жылғы 27 маусымдағы № 14/214
қаулысына 3-қосымша

С а й л а у қ о р л а р ы н ы ң
қ а р а ж а т ы н ж ұ м с а у д ы ң е р е ж е с і н е
3-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламенті Сенатының,
мәслихатының депутаттығына, әкімдігіне кандидаттың
және саяси партияның сайлау қоры қаражатының жұмсалуды туралы
анықтама**

1. Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламенті Сенатының,
мәслихатының депутаттығына, әкімдігіне кандидаттың Т.А.Ә., саяси партияның толық
атауы, қай банк мекемесінде шот ашылған.

2. 201 ____ жылғы _____ жағдай бойынша сайлау қорының қалдығы ____ теңге.

Күні	Сомасы (теңге)	Қаражат іс-шаралар жұмсалған	Қаражаттың жұмсалғандығын растайтын құжаттар (төлем қағазының немесе чектің берілген күні мен нөмірі)
------	-------------------	------------------------------------	--

Ескертпе: Банк мекемесі тиісті сайлау комиссиясына апта сайын, ал тиісті сайлау
комиссиясының сұратуы бойынша жиырма төрт сағаттың ішінде береді.

Банк мекемесінің басшысы: /Т.А.Ә./

Бас бухгалтер: /Т.А.Ә./

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
2013 жылғы 27 маусымдағы № 14/214
қаулысына 4-қосымша

С а й л а у қ о р л а р ы н ы ң
қ а р а ж а т ы н ж ұ м с а у д ы ң е р е ж е с і н е
4-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламенті Сенатының
мәслихаттының депутаттығына, әкімдігіне кандидаттың, саяси
партиялардың сайлау қорытындылары анықталғаннан кейінгі сайлау
қоры қаражатын пайдалануы туралы есебі**

1. Қорға түскен ақшалай түсімдердің көздері: (анықтамалар қаражаттың түскендігін
растайтын құжаттармен қоса беріледі).

2. Сайлау алдындағы үгіт мақсатында жасалған шығындар: (анықтамалар
қаражаттың жұмсалғанын растайтын құжаттармен қоса беріледі).

3. Сайлау қоры қаражатының қалдығы 201 __ жылғы _____ жағдай бойынша - _____
т е н г е .

4. Қалдықтың үштен екісі _____ теңге мөлшерінде республикалық бюджетке
аударылды (төлем құжатының № мен күні).

5. Президенттікке, Парламент Сенаты, мәслихаттар депутаттығына, әкімдікке
кандидатқа, саяси партияға қалдықтың үштен бірі _____ теңге сомасында қайтарылды (төлем құжатының № мен күні).

Ескертпе: Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламент Сенаты, мәслихаттары депутаттығына, әкімдігіне кандидат, саяси партия Орталық сайлау комиссиясына сайлау қорытындылары анықталғаннан кейінгі бес күннен кешіктірмей, банк растаған жеке шоттың көшірмесімен бірге ұсынады.

Есепті растап қол қоюшылар:

Банк мекемесінің басшысы: /Т.А.Ә./

М.О.

Президенттікке, Парламент Сенаты,
мәслихат депутаттығына, әкімдікке кандидат: /Т.А.Ә./

М.О.

Партия жетекшісі немесе
партияның ұжымдық органы
уәкілеттік берген адам: /Т.А.Ә./

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
Төрағасы: /Т.А.Ә./

М.О.